

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 57 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 295 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 желтоқсанда № 5314 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 41 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 27.02.2020 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 939 қаулысына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 57 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4986 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 24 сәуірде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері" қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ө. Шөкеев

Қ.Қ. Айтмұхаметов

Ә.Е. Тұрғымбеков

Ж.Е. Аманбаев

С.А. Қалқаманов

М.И. Мырзалиев

Ұ.Қ. Тәжібаев

А.А. Абдуллаев

А.Б. Тасыбаев

"Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 57 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы " ____ " _____ № _____ қаулысына

Түркістан облысы әкімдігінің
2019 жылғы "23" желтоқсандағы
№ 295 қаулысына қосымша
Түркістан облысы әкімдігінің
2019 жылғы "22" сәуірдегі
№ 57 қаулысына қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемі					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас	10 000	141 373	1 413 730,0
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	бас	20 000	2 209	44 180,0

2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас	100 000	3 199	319 900,0
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	4 663,7	699 558,8
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу	бас	225 000	4 672,3	1 051 264,1
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу				
1.1	Бір жынысты	доза	10 000	250	2 498,3
1.2	Қос жынысты	доза	5 000	1 055,5	5 277,6
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
2.1	отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	бас	150 000	703	105 450,0
2.2	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген	бас	225 000	33	7 425,0
3.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас	100 000	135	13 500,0
4.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас	5 000	38 806	194 030,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	бас	60	62 000	3 720,0
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас	40 000	1 573	62 920,0
Қой шаруашылығы					
1.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас	1 000	198 363	198 363,0
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
2.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас	2 500	189 266	473 165,0
2.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	бас	1 500	1 054 636	1 581 954,0
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	бас	8 000	27 155	217 240,0
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	бас	10 000	247	2 470,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	бас	100 000	244	24 400,0
Балара шаруашылығы					

1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы	5 000	7 702	38 510,0
Барлығы					6 459 555,8
Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тонна	200	6 566,7	1 313 348,2
2.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	тонна	200	3 212,9	642 594,6
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1. Сүт өндіру құнын арзандату:					
1.1	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	тонна	35	8 378,7	293 255,0
1.2	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	тонна	10	11 276,1	112 760,8
1.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі	тонна	10	15 195,2	151 951,8
2.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	бас	120 000	2 369	284 280,0
Етті құс шаруашылығы					
1. Құс етін өндіру құнын арзандату					
1.1	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	тонна	50	2 200	110 000,0
1.2	күрке тауық етін өндіру құнын арзандату	тонна	200	7 009,4	1 401 880,8
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1. Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату					
1.1	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2,7	11 507,2	31 069,4
1.2	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2,2	51 595,9	113 510,9
1.3	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2	16 327,1	32 654,2
Қой шаруашылығы					
1.	Қозы өткізу құнын арзандату	бас	3 000	29 291,0	87 873,0
2.	Өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн құнын арзандату				
2.1	сапасы 60-тан басталатын жүн	тонна	150	89,2	13 386,6
2.2	сапасы 50-ден басталатын жүн	тонна	100	2,9	292,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	тонна	60	2 698,1	161 884,8
Түйе шаруашылығы					
1.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	тонна	55	1 630,9	89 702,1

Барлығы			4 840 444,2
---------	--	--	----------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК